



Қызылорда облысы

Айтбаев Данияр,
школа «Мұрагер», ученик 10 класса

Астана – город новых надежд

10 декабря 1997 года началась история новой столицы Независимого Казахстана. И этой столицей является город Астана. Астана уже вписала свою золотую страницу в историю молодого независимого государства. Она расположена на севере Арки, на правом берегу реки Есиль. С момента провозглашения ее столицей прошло 13 лет, но сколько всего произошло за этот небольшой промежуток времени. Проведем экскурс в историю города. Города возникают не сразу. Они формируются десятки, сотни, тысячи лет. Меняют свой облик, растут и развиваются в соответствии с требованиями времени. Каждое поколение вписывает в их летопись свою строку, определяя их будущее – расцвет или упадок, взлет или падение...

Военная ставка кипшакского султана, появившаяся более тысячи лет назад на левобережье реки Ишим, заняла свое место в истории новой столицы Казахстана – Астаны. Благодаря открытию и исследованию руин городища Бозок, удалось установить, что история города уходит корнями в прошлое более чем на тысячу лет. Поселение возникло как военная ставка, резиденция кипшакского султана, контролировавшего важный узел торговых караванных путей Степного Шелкового пути. Прошли века, место было оставлено его первопоселенцами. Второй этап в истории городища приходится на период усиления в степи Кипшакского ханства (X-XI вв.). Новые жители городища построили здесь первые мавзолеи и минарет.

Третий этап освоения этого места начался в золотоордынскую эпоху (XIII-XIV вв.). Городище Бозок имеет уникальное значение для столицы Казахстана, как подтверждение его древних истоков, контролировала караванные пути Степного Шелкового Пути.

В 1822 году Александр I принимает Устав о сибирских киргизах. Средний жуз, традиционно кочевавший на территории Акмолы, был включен в состав вновь образованной Омской области.

[Введите текст]

Вскоре вопрос о строительстве Акмолинского укрепления был решен. Непосредственно город был основан в 1830 году как казачий форпост.

Далее идет история Астаны в XX веке. С 1830 по 1961 год город носил название Акмолинск. С 1961 по 1992 год - Целиноград. С 1992 до 1998 года - Акмола, а с 1998 года - Астана.

Вот такой была история Астаны...

Вернемся к тому, с чего мы начинали. За 13 лет произошло множество событий, которые повлияли на Казахстан. По мере развития благосостояния страны росла и Астана. Одним за другим строились красивейшие здания, менялась природа города, шло активное озеленение.

Астана - целиком и полностью является детищем Президента. По его инициативе столица была перенесена. Многие в то время сомневались об успешности этого шага, и это было не без причин. Но, как говорится, «Кто не рискует, тот не пьет шампанского». Не будь того человека, который осмелился взять на себя такую ответственность, мы бы не имели город мирового значения. Этому мы обязаны Нурсултану Абишевичу Назарбаеву. Спасибо вам большое!

Многие приезжие утверждают, что Астана - оазис посреди степи, и это не мираж, а настоящее чудо. Город в будущем имеет самые обнадеживающие перспективы развития. Для этого есть все условия: удобное расположение - почти в центре страны, равнинная местность, пересечение всех главных и важных магистралей, железных дорог и, конечно, немного энтузиазма и авантюризма со стороны нашего Президента.

По своей натуре, Н. Назарбаев - настоящий реформатор. И это проявляется в его действиях. Честно говоря, я сам немного удивлен насколько город хорошеет, какими темпами это происходит. Ныне город больше похож на огромную стройплощадку, куда не посмотри - везде стройки. Город - живой, энергичный.словно маленький ребенок, не сидит на месте, постоянно в движении. Это еще один большой ПЛЮС. Этого не было бы, если столица оставалась в Алмате. Проводя сравнение с другими столицами мира, Астана самая молодая столица, но и самая бурно и высоко развивающаяся. Астана - является крупнейшим деловым, дипломатическим, торговым и культурным центром, поскольку развитые государства, видя насколько темпы развития города быстры, активно вкладывают инвестиции, также здесь проходят множество переговоров, в которых Казахстан выступает посредником. Впервые в истории Казахстана, в 2010 году председательствует в ОБСЕ наш президент Н. Назарбаев. Первым среди всех государств мира Н. Назарбаев первым начал антиядерную политику, первым отказавшимся от нее.

[Введите текст]

Каждый год в городе организовываются различные международные выставки, конференции, музыкальные мероприятия и фестивали народов Казахстана.

А в 1999 году по предложению ЮНЕСКО, Астана стала «Городом мира».

Многие из предыдущего поколения были в Целинограде, но бывшая столица края не идет ни в какое сравнение с нынешней столицей республики. Многие из них просто восхищаются обширной застройкой города, архитектурными сооружениями, новыми зданиями. Астана предстает перед всеми во всей своей красоте и великолепии.

На левом берегу Есиля поднялись высоченные небоскребы, да, да, именно небоскребы! Для нас эти здания в 40-60 этажей являются настоящими небоскребами, т.к. до этого мы считали «небоскребами» жалкие девятиэтажки. Астана уходит в поднебесье. В генеральном плане города небоскрегам уделяется важная роль.

Высотные площадки многоэтажных домов благоустраиваются. Озеленение в Астане ведется в широких масштабах, засаживаются парки и скверы. Чистота в городе исключительная не только в центре, но и на окраинах. Вокруг города возникло зеленое кольцо из деревьев. Также удивителен тот факт, что в степи растут ели. Как ни странно, они растут в Астане.

Астана многонациональный город религиозном фронте. Здесь никто не дискриминирует никого по религиозным причинам. Здесь находят дом где могут ужиться и мусульмане, и христиане, и буддисты. Специально для них построили мечети, церкви, монастыри и т.п..

Над проектированием плана города трудился известный мастер мировой архитектуры Кейшо Курокава. По поручению Президента, город должен был быть неким симбиозом модерна и традиций казахского народа. В основу был взят Есиль, как главный источник жизни тех мест. С этого момента город строился по обеим берегам реки. К фасадам зданий предъявлялось особое требование - использовать только светлые тона, дарящие оптимизм и хорошее настроение.

Одним из грандиознейших сооружений является Дом Министров. Согласитесь, великолепное здание, а какое функциональное в первую очередь!

Всегда многолюдно и у другого объекта - этно-мемориального комплекса «Карта Казахстана «Атамекен». Здесь можно «обойти» весь Казахстан, который занимает 9-ое место в мире по своей территории.

Одним из символов евразийства является ЕНУ (Евразийский Национальный Университет) имени Гумилева.

[Введите текст]

Как сказочный цветок вырос в центре столицы и стал её визитной карточкой «Байтерек». Золотые башни и конусы уникальных зданий пробуждают в памяти образ знаменитого «золотого человека»

Обретя широкую известность как бурно развивающийся город, Астана вызывает сегодня профессиональный интерес не только политиков, обществоведов, социологов, но и архитекторов. И потому в проектировании отдельных зданий участвовали известные зарубежные зодчие. К примеру, два проекта британского мастера Нормана Фостера реализованы в Астане. Это пирамидальный Дворец мира и согласия, олицетворяющий межконфессиональное согласие, толерантность казахстанского общества, а также конусообразный торгово-развлекательный центр, называемый «Ханским шатром». Здание имеет внешнюю схожесть с жилищем степных кочевников - номадов.

Еще одно «чудо»- развлекательный центр «Думан» с единственным в центральной Азии океанариумом, в котором живет более 2000 экзотических рыб и акул. Новый, открывшийся к 10-летию Столицы, аттракцион "Джунгли" с экзотическими зверями и непроходимыми джунглями. Единственный в Казахстане кинотеатр с трёхмерным изображением. А также кафе, торговые залы, боулинг: все для того, что бы Наш отдых был насыщенным и разнообразным.

Астана-город будущего.

Еще раз повторяю, что все это - заслуга Н.Назарбаева. Хочу процитировать Президента: «Здесь бьется сердце нашей Родины!», а также здесь бьются и наши, и ваши сердца!

**Аққұл Фариза,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
10 сынып оқушысы**

Астананың асқақ бейнесі «Отаным», «Елім» деп соққан әр жүректің түпкірінде мақтаныш сезімін ұялатары хақ. Бар қазақтың бас ордасы қарқынды дамып, көздің жауын алар. Көркем келбетімен күллі әлемді таңғалдырары анық. Бүгінгі еліміздің жүрегі болып отырған Астанамыз тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы ең үлкен жетістігіміз деп мақтанышпен айта аламыз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет орталығын кең байтақ даламыздың төріне көшіруінің өзі де ерлік деп санаймын. Кезінде астананы ауыстыру мәселесіне байланысты әртүрлі көзқарастар болды. Көпшілігі Алматыда тұрып үйренгендіктен қаланы қимай кеткісі келмеді. Халықтың пікірінше бұл тек астананың ауысуы ғана емес, қазақ елінің

[Введите текст]

тәуелсіздігінің берік тұғырын Қазақстанның орталығында қалау екендігіне түсінушілікпен қараған сынды. Астанамыз ауысып, ұлан-байтақ жеріміздің қақ ортасына орналасты.

Ел ордамыз солтүстікте орналасқандықтан, Елордамызда өзге ұлт өкілдері яғни, орыстар басым болса, ал қазіргі таңда ел ордада құдайға шүкір қазақтар күннен күнге көбейіп келеді.

Есілдің жағасында орналасуын еңселі елордамызда демалатын орындарда жеткілікті. Бәйтеректің айналасының өзі неге тұрарлық. Сонымен қатар «Қазақ елі» монументінің алды да ғажайыпқа толы.

Дүние жүзіндегі ең жас астана-қазақ елінің Бас қаласының сұлулығын үндестірген әлемдік сәулет өнерінің ең үздік үлгілерімен салынған ғажайып ғимараттар қаланың көркін әрлендіріп тұрған секілді. Ұшқыр қиялдан туған керемет ғимараттардың көріктісі- «Астана-Бәйтерек» монументін жатқызуға болады. Сонымен қатар көгілдір аспанмен тілдесіп тұрғандай алтын күмбезді «Нұр-Астана» мешітінің өзі көздің жауын аларлықтай.

Тәуелсіздік сарайы, Бейбітшілік және келісім сарайы-Пирамида, «Жұмыртқа үй» тәрізді сәулет өнері кез-келген адамды таңқалдырады.

Бүкіл әлемде және Орталық Азияда Қазақстан мемлекетінің беделі көтеріліп, елдің көркейіп өсіп, дамып келе жатқанында Қазақстан Республикасының Президентінің айрықша үлесін тигізгенін ұмытпағанымыз жөн. Президент те бір ұлттың перзенті, мемлекеттің азаматы. Ол елінің тыныштығы мен халқының амандығын, татулығын қамтамасыз етуі міндетті. Қазіргі таңда елбасымыздың елеулі еңбектерінен халыққа хабардар ететін көптеген кітаптар шығарылуда. Соның бірі «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» атты кітапты айрықша атап өткеніміз жөн болар.

Отанымыздың жыл санап гүлденген жасампаз кейіпіне барша жұрт тамсана көз тастайды. Астананы әлемдегі ең әсем қала санатына қосып, жалын жұртшылықтың бойында «Менің елордам» дейтіндей, патриоттық сезімді қалыптастыруға негіз боларлықтай. Дағдарыстанда елді айрықша аулақтатуға тырысқан елбасымыздың елге деген шексіз махаббатының нәтижелі еңбегінің арқасы деп есептеймін.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев елордамызды әлемдегі ең үздік 30 қаланың қатарына қосуды жоспарлап отыр. Шын мәнінде тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген ел үшін жаңадан қала тұрғызу оңай іс емес. Қаншама күш қуат керек. Осы орайда елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегі өлшеусіз үлкен.

Астана-бұл тек қана билік шоғырланған, іскерлік дамыған орталық емес, еліміздің мәдени, рухани ордасы.

[Введите текст]

Астана-қазақтың дербес елдігінің әлем тарихына өшпестегі болып басылған мөр сияқты. Бұл қалада тұрғындар да, туғандар да арман жоқ. Ал оның қалай салынып, қалай өркендегеніне көз салып, үлес қосқандардың да арманы жоқ.

Астана- көркейіп, күннен-күнге гүлденіп келеді. Астанамыздың сол жағалауында көгілдір аспанмен түстес зәулім ғимараттар, әулетті үйлер бой көтерді. Әсіресе, жаз уақытында сол жағалауда жерге гүлден жасалған алуан түрлі жануарлар бейнесіде елордамыздың көркіне көрік қосқандай. Кеш құрым Астана жұлдызды қалаға айналып, әдемі сәнге еніп кетеді.

Отан дегеніміз-адам баласы үшін ең киелі жер болып табылады. Әрбір адам өз Отаны үшін отқа түсіп, өмірін қиюға дейін барады. Кез-келген мемлекеттің жүрегі-оның астанасы, демек біздің жүрегіміз Астана қаласы. Тарих үшін өте қысқа уақытта біздің бас қаламыз-Астана шағын қаладан еліміздің ең көрікті қаласына айналды.

Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздіктің тірегі, халқымыздың бірлігі Астана-Қазақстанның жарқын келбеті. Дүние-жүзіндегі астаналардың ішіндегі ең жасы Астана.

«Мәңгі жасай берші қазағымның бас ордасы Астана» деп өзімнің шығармамды еліміздің тірегі Елбасымызбен Елордамызға арнадым.

**Әбсадықова Нәзтай,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
11 сынып оқушысы**

Сарыарқада алтын шаңырақ көтерген Астана туралы қуанған халқымның шаттық жырын жеткізуге тіл жетпейді. Қазақтың алтын дінгек, биік Бәйтерек, орнықты Орда болған Астанамыз қалай өсіп келеді дейсіз ғой. Ірге тасы қаланғанына аз болса да, ежелгі Есіл бойында қанатын кең жайып, сәулетті де сәнді Ордаға айналуға. Озық ел, мәдениеті дамыған елдер қатарына қосылу үшін ұрпағымның білім дәрежесі артып, рухани байлығы мол болуы керек. Жастар үшін Ордамыз – Астанада талай-талай мамандық алатын білім ошақтары құрылды. Ондай білім ордасында мыңдаған жастар білім алуда. Онда тек қаракөз қазақ қызы, қара домалақ қазақ баласы ғана білім алуда деп ойламаңыз. Жүзі басқа – жүрегі бір, тілі басқа – тілегі бір халқымның ұл мен қыздары білім теңізінен сусындап, терең мұхит түбінің інжу-маржанын теруде. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демей ме халқым, сол сияқты талай өнерпаздар өнер шыңына шығуда. Ғылыммен шұғылдана ұрпаққа жағдай жасалып, есігін айқара кең ашуда. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе!» деген ғой халқым, мен де осындай көрікті де сәулетті әсем қала Астанада білім алсам деп ойлаймын. Адам баласында арман көп болғаны жақсы ғой, өйткені арман өрге жетелейді, сондықтан сабағымды жақсы оқып, мол

[Введите текст]

білім қорымен терең де мазмұнды сусындап орта білімді жақсы аяқтасам, мен де сол білім ордасында арманыма жетермін деген тілегімді де жасырмай жатырмын.

Мінермін тайды өсіріп құр атыма,
Ата-анамды қалдырмаспын ұятыма.
Әрдайым қиындықты жеңе білсем,
Шығармын білім шыңы мұратыма...

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл ғой», Астананы көркейту Арқа адамдарының арқалаған ауыр да салмақты жүгі емес, бүкіл атам қазақ баласының алдында тұрған асыл міндеті болып саналды. Сондықтан да үш жүздің - Алтай мен Атыраудың, Баян мен сұлу Көкшенің, Сыр мың Ұлытаудың білек сыбанған қыз-ұлдары білек түрініп кірісіп еді, аққу қанат Астана қанатын жайып, дәулет пен сәулеттің оты ошағында жанып, жан-жағына шұғыласын шашқаны кімге болса да аян. Осының барлығы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың болашақ жастар үшін жасаған үлкен қамқорлығы деп білемін.

Сонау Қазақстан тәуелсіздік алған күні-ақ Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Ел Ордамызды әлемдегі ең үздік 30 қаланың қатарына қосуды жоспарлаған еді. Шын мәнінде Тәуелсіздікке енді ғана қол жеткізген ел үшін жаңадан қала тұрғызу оңай іс емес еді. Бірақ, Ел басы Нұрсұлтан Назарбаев алдына қойған мақсатын біздер үшін, кейінгі жас ұрпақ үшін күш жұмсап еліміздің мәдени, рухани ордасын құрды.

Астана туралы айтар сөз арқылы таудай биік, байлығымдай алапат мол, бірақ жер тар... Тек, Тұманбай ағамыздың мына сөзімен аяқтауды жөн көрдім:

Аман бол, қазағымның арыстаны,
Жер соғып қала берсін алысқаны.
Бәрін ал, алам деген биігіңнің,
Жарық ал жұлдыздардан алыстағы.
Үмірпен ертеңіне қарады ұл-қыз,
Бір нұрға жаңа толды жанарымыз.
Астана, жаңа Астана, жан Астана,
Жерге кеп қона қалған дара жұлдыз...
Келешек ұрпақ Астана десе Нұрсұлтан,

Нұрсұлтан деп атын айтса, Елбасының Астана деп қатар айтатын сөзі болады. Есіл жағасында бой көтерген Жаңа Астана – Ақ Орда құтты болсын, Астана әлемдегі қалалардан асып, іші байлық пен ұл-қызға толсын!

Бақытбек Сабыржан,

№ 2 орта мектебінің 4 сынып оқушысы

Біздің еліміз жас, жеріміз бай. Ұлан байтақ. Еліміздің астанасы “АСТАНА” қаласы - жас қала. Ол күннен күнге көркейіп өзгеріп келеді. Әсем қала Астанада мемлекетіміздің барлық басшы өкілдері тұрады.

Мен жазғы демалыс кезінде өзімнің әжеммен бірге Астанаға қыдырып бардым. Сол кезде мен Астананың әдемі де көрікті де жерлерін тамашаладым. Ол жақта Бәйтерекке бардым. Думан орталығына барып, океанарумды қызықтадым. Мен ол жақта әр түрлі балықтарды көрдім. Солармен бірге суретке түстім. Олардың әрқайсысының атын жазып алдым.

Мен өте жақсы көңіл-күймен үйге қайттым. Осындай аз мерзім ішінде мынадай керемет ғимараттардың салынғанына таңырқадым. Мен атаммен бірге Нұрсұлтан атаның атындағы салынып жатқан жоғарғы оқу орнына барып көрдім. Салынып жатқан ғимарат маған қатты ұнады. Мен қайтсем де болашақта осы оқу орнына түсіп, оқығым келеді. Нұрсұлтан ата балаларды өте жақсы көреді, ол әрдайым теледидардан айтқан сөзінде «Бәрі келешекте балалар үшін», – деп бізге айтады. Мен Нұрсұлтан атаға ұқсағым келеді. Ол жетістіктерге жету үшін Нұрсұлтан атамыз ешқандай күшін, еңбегін аямайды. Президент Нұрсұлтан атайды мектепте және жоғарғы оқу орнында жақсы оқыған, – деп ата – аналарым, әжелерім айтады.

Мен өз елімді, Елбасымды мақтан етемін. Елбасымыздың жасап жатқан жұмыстарына қуанамын. Астана 10 жыл ішінде шет елдердегі қалалардай көркейген. Оның көркеюіне, құрылуына Нұрсұлтан ата және көптеген аға – апалар үлес қосқан. Астанада әдемі ғимараттар, жаңа мектептер, балабақшалар салынып жатыр. Мен осы елдің ұлы ретінде өз оқуымды жақсы оқуға ұмтыламын. Мен өз отаным президентім Нұрсұлтан Назарбаевты жақсы көремін, сол сияқты Президент болғым келеді.

Есенбекова Диана,

№ 2 «Мұрагер» мектебінің 6 сынып оқушысы

Ғасырлар тоғысындағы талай тарихты бастан кешкен қазақ халқының өткеніне баға беретін болсақ, халқымыздың «алыптар ала бермейтін, жүйріктер шаба бермейтін», ыстығы мен суығы біте қайнасқан мың соқпақ жолды басып өткенін аңғару қиын емес. Сонау айдай әлемгә аты мәшһүр болған тағы тайпалар- сақтар мен ғұндардан, ұшы қиыры жоқ Азия төсін мекен еткен көшпенділер түркілерден бастау алған қазақ жұртының басын қосқан Жәнібек пен Керейдің тұсынан бері төл тарихымыздың туы тігіледі. Тәуелсіз қазақ елінің қазығын қаққан сол Жәнібек пен Керейден кейін ел тізгінін ұстағандардың қайсысы болмасын, өткенімізде өзіндік өлшеусіз орны бар.

[Введите текст]

Тарихта «Қасымханның қасқа жолы», «Тәукенің жеті жарғысы» секілді білгір, көреген басшылардың құрастырған заң жинақтары тәуелсіз қазақ елінің іргетасын қалауда ерекше маңызға ие болды. Тәукеден кейінгі Абылай ханның тұсында да бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген қазақ халқы білікті саясаткер бабаларымыздың арқасында анталап тұрған жоңғар басқыншыларына тойтарыс берді. Осындай көреген елбасымыздың салиқалы саясатының шеңберінде бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің шаңырағы көтерілді.

Сол білікті реформаторлардың сара жолын жалғастырған «Қазақстан» атты тәуелсіз мемлекетті құрған бүгінгі саяси көсеміміз – Нұрсұлтан Назарбаев.

Егемендік декларациясы қабылданғаннан кейін демократиялық санасы ояна бастаған халқына дем беріп, 1991-1992 жылғы тоқырау жылдарының ауыр күндерінде батыл қадамдарға бара білген Елбасымыз экономикалық бүліншіліктен әбден зардап шеккен халқын бұл қиыншылықтан да алып шықты. Экономикалық дағдарыстан қиындыққа ұшыраған елді жуық арада бұдан алып шығу – нағыз көреген басшылардың қолынан келетін іс екендігін айтуға тиістіміз. Дүниежүзі тарихында дағдарыстың құшағында кеткен елді жаңа өмірге қадам бастыратын білікті басшылар санаулы екендігін ескермей кетпеске болмас. Осы орайда Елбасымыздың көрегендігіне айтар дауымыз жоқ.

Елу жыл бойы Шығыс өңірдің жеріне ғана емес, бүкіл қазақ жеріне ядролық сынақ өткізіп келген КСРО-ның басты сынақ алаңы – Семей полигоны еді. Алапат ядролық жарылыстар үлкен экологиялық апаттарға әкеліп соқтырды. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл полигонды жабу туралы Заңға қол қойған Елбасымыз әлем алдында зор қошеметке бөленді. Ядролық қаруды таратпау жөніндегі жиындардың басы-қасында жүретін Қазақстан Елбасының арқасында дүние жүзі елдеріне үлгі бола білді. Бәрінен де бұрын экологиялық апаттардан зардап шегіп келген Семей халқының Елбасына деген алғысы шексіз.

Ата заңымыз өмірге келгеннен кейін құқықтық-азаматтық мемлекетіміздің одан әрі дамуына өлшеусіз үлес қосқан президентіміз халқымыздың әл-ауқатын арттыру мақсатында нық қадамдарға барды. Бұл қадамдар өз жемісін берді де. Қазір қай ел болмасын. Қазақстанның санасуға тұрарлық ел екендігіне көзі жетті. Елбасымыздың халқымызға сіңірген ерен еңбектерін талдап отырып, Астананы ерекше атап өткен жөн. Астана – Елбасының қазақ халқына тартқан сыйы. Еуразияның кіндігінде, Сарыарқаның төсінде бой көтерген архитектуралық, ғаламат, қиялға бергісіз сәулет үлгілерімен тұрғызылған зәулім- зәулім ғимараттардың үйлесімі

[Введите текст]

топтасқан Астана қаласы – әрбір қазақтың мақтанышы. Астанасыз Қазақстанды елестету мүмкін емес. Өйткені Астана – бейбітшілік пен пен татулықтың, береке мен бірліктің, тазалық пен қонақжайлылықтың, махаббат пен пәктіктің қаласы.

Сан жылдар бойы армандаған тәуелсіздіктің туын желбіретіп, жарқын болашаққа бағыт алған қазақ елінің басын бір жеоге қосқан Елбасымыздың елеулі еңбегін бағалаған еліміз қашан да басшысын қолдаудан жалыққан емес.

Тәуелсіздік алғаннан бері ел тізгінін ұстап келе жатқан Елбасымызды халқы әрқашан қолдай бермек. Себебі азаттықтың ақ таңы атқалы бері елімен етене байланыс жасаудың нәтижесінде ғана қазақ елін жаңа биікке көтерген Елбасы бұдан былай да халқымен бірге болатынына сеніміміз мол. Осы орайда сарабал саясатымен ерекшеленген Елбасына жүрекжарды өлеңімді арнаған едім:

Намыс үшін, ар үшін
Барлық қазақ қамы үшін
Елдің таңы, бағы үшін
Терін төккен Нұрсұлтан.
Ұлан байтақ жерімнің
Шарпысын деп көгін күн
Көк байрағын елімнің
Желбіреткен Нұрсұлтан.
Дара ісің, нұрланған
Жаса, жаса Нұрсұлтан
Елімізге егемен
Елге керек, бол сұлтан!

**Қожа Нұрсұлтан,
№ 3 мектеп-лицейінің 10 сынып оқушысы**

Отанымыздың жүрегі – Астананы көрген сәттен-ақ әрқайсымыздың көңілімізге қуаныш, жүрегімізге мақтаныш, бойымызға асқақ рух келеді. Мен өз еліміздің ордасын небәрі он жылдың ішінде адам айтса нанғысыз көздің жауын алар әдемі, зәулім үйлері, түрлі ғимараттар, қыран ұшар биікке өрмелеген елорданы көргенімде зор қуанышпен мақтанамын. Тарих үшін 10 жыл-өте қысқа уақыт. Сол қысқа мерзімде Астана сан-түрлі арман қиялдарды жүзеге асырып жатқан керемет те, көркем қала. Тарихқа шолу жасасақ, 1997 жылы елбасымыздың қалауымен сол кездегі еліміздің бас қаласы болған

[Введите текст]

Алматыдан Ақмола қаласына ауыстырылды. Бұл ел басымыздың ерлікпен жасалған ісі деп ойлаймын. Бұл саяси батыл қадам. Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында қыруар іс атқарылды. Бірақ олардың ішінде екеуін атап өту керек.

Біріншісі-1997 жылы Президент Н.Назарбаев ұсынған «Қазақстан-2030» даму стратегиясы, екіншісі - Елорданы Алматыдан Астанаға көшірілуі. Үш ғасырға жуық уақыт бойы отаршылдықтың тауқыметін тартып, этнос ретінде шалажансар халге түскен қазақ халқын ел етіп, ТМД елдерінің аясындағы ең көп тілді, көп конфессиялы Қазақстанның еңсесін көтеріп, тәуелсіздік жолымен алып жүру міндеті Нұрсұлтан Әбішұлының маңдайына жазылды. Бірақ елбасымыз қиындыққа мойымай, жеңіп келуде.

Мен өз ел басымызды үлгі тұтам. Және де елбасымыздың кітаптарын қызығушылықпен оқимын. Басқа елдің мемлекет басшылары мен халқы елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы да сындарлы саясатына қызғана да, қызығушылықпен қарауда.

Н.Назарбаев әлемнің аса ірі мемлекет басшылары мойындаған қазақ мемлекетінің ең алғашқы басшысы, дүние жүзіне әйгілі саясаткерлердің бірі. Ол ел басқару ісінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған бай тәжірибесі мен әлемдік тәжірибені тал бойына тоғыстырған алымды да, алғыр басшы. Ел өмірінің алуан салалы тіршілік-тынысын терең білу бандай тіреген проблемалардың ең елеулісін тап басып тани алу, ел ішіндік және әлемдік ақуалдар мен санаса отырып ұрымтал әрекеттерге бару, сол жолда тандалған бағытын табандылықпен жүзеге асыру Н.Назарбаевтың мемлекет басшысы ретіндегі басты қасиеті.

Сарыарқаның сары белінде Қанжығалы қарт Бөгенбай елінде ұлан-байтақ қазақ жерінің қасиетті орталығында мемлекетіміздің жаңа астанасының бой көтеруі, жаңа бір мәдени-ғылыми һәм саяси-экономикалық алып ортаның, отанымыздың күретамырына қан жүгіртетін, жан бітіретін сәулетті, қуатты орданың дүниеге келуі, әлбетте, барша жақсылықтардың игіліктердің шоғырлануы деп білемін. Негізі астана деген сөздің көен түркі тіліндегі мағынасы "босаға" дегенді білдіреді екен.

Есілдің жағалауында бой көтерген Ақмоланы Астана деп өзгертті. Ол кезде мынадай құрылыстың біреуі де жоқ болатын. Қазіргі кезде неше түрлі ғимараттар бой көтеріліп жатыр. Астанадағы "Есіл" тұрғын үй кешені, "Парламент ғимараты", "Ғашықтар саябағы" тағы басқа таң қаларлықтай мол дүниелер бар. Әсем қала да ұрпаққа өнеге болып жалғасқан қасиетті қазақ жерінің шежіресін паш етер, көңілі дархан, жаны жомарт қазақ елінің ұлылығын ұлықтайтын "Қазақ елі" монументі. Күн нұрына шағылысқан ақ мәрмәр ескерткіш, алып Самұрық құс дархан пейіл, жайсан

[Введите текст]

қазақтың асқақ арманындай. Евразияның кіндігінде орналасқан алып ордаға көптеген туристтер келуде. Олар керемет Астанаға тамсанып, таң қалуда.

"Жаңа астана-тәуелсіз Қазақстан үшін жарқын келешектің нышаны"- деп елбасымыз айтқандай Астанамен келешектің жарқын болатынына сенемін. Жаңа астананың келешегі бүтіндей ХХІ ғасырдың еншісінде жатыр. Ал оның ертеңгі еңсесін көтеретін бүгінгі жас жеткеншектеріміз.

Мен өз болашағымды ел ордасымен байланыстырамын. Және де өз еліме, жаңа Астанамызға өз үлесімді қоссам деймін.

**Маликова Мадина,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
8 сынып оқушысы**

Адам өмірге келіп, ес жия бастаған сәттен өз Отанының тарихына ден қоя бастайды. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі үніліп, тарихи ескерткіштерде Орхон-Енесей жазбаларында, соның ішінде Күлтегін ескерткішінде тасқа қашалып бедерленген, болашақ ұрпақ яғни біздерге ұлағат та, аманат та боларлық ғибрат сөз бар: «Халқы бегін, бегі халқын сыйлайтын ел ұзақ жасайды» делінген. Осының айғағы, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев кешегі кеңестік жүйеден жаңа заманға сай қадам басып, замана көшіне ілесіп қана қоймай, сол ұлы көштің бастаушысына айналады.

Н.Ә. Назарбаев бүгінгі Қазақстан мемлекетінің алғышарттарын жасады. Мемлекетіміздің Ата заңы – Конституциясы қабылданып, игі істер осыдан бастау алды. Елбасы әрбір жыл сайын халыққа жолдау жолдайды. Сол Жолдауда көрсетілетін үндеу барлық облыстарда аса ыждаһаттылықпен жүргізіліп, оң нәтижесін беріп жатыр.

Елбасы Жолдауында айтылған басты тақырып – балабақшалар мектептерді көбейту. Сол үшін «Балапан» мемлекеттік бағдарлама аясында жұмыстар жүргізіліп, балғын бөбектердің білімге құштар болуына, оқушылардың болашақта мамандықты таңдау барысын дұрыс бағдар қалыптастыруына жол ашылды.

Білім ордалары – мектептердің көптеп салынуы – болашағымыз үшін жасалып жатқан игі шара. Біздің рухани байлығымыз – биікке жетелейтін жетістік болып табылатынына сенімім мол. Ал адам намысын қозғап рухани байлығымызға деген құрмет сезіміне бөлеп, сүйіспеншілікке жетелейтін елордамыз – Астана бұл күнде Сарыарқаның жүрегінде, Еуразия кеңістігінің кіндігінде тұр.

Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырықты өсімдік тәрізді байтақ Сарыарқа төсіндегі жеке – дара жап – жасыл жазира

[Введите текст]

Есілдің оң жағалауынан қарсы бетке қарасаңыз, Қазақстанның астанасының зәулім ғимараттары бой көтерген өскелең құрылысын көресіз. Мәдениет пен руханият мекемелері қайталанбас ою-өрнектермен айшықталған.

Елбасы Ақ Ордасының төбесінде ұлттық байрағымыз желбіреген киіз үй сипатты зор күмбез баршаны ауызбіршіліктен айнымауға шақырып, қызбалықтың, түсініспеушіліктің дауылдарынан, өшпенділіктің сұрапылдарынан сақтандырып тұр.

Астананың бүгінгі көркі бойымызды тіктеп, жанымызды шымырлатып, сұлулықтың жылы лебімен тербейді. Заманауи құралдармен салынған ғимараттар көрген жанды баурап алады. Көңіл-күйіңді шарықтата биіктетеді. Астана көркі – Бәйтерек бейне бір қиял-ғажайып дүниеден жаралғандай көрген адамды сүйсіндірмей қоймайтын, қазақ халқының ұлт мақтанышы екеніне дау жоқ. Қиын кезеңдерді артқа тастап, абыройңызды биік белестерге көтерілудіміз – халқымызды рухтандырады. Әлемдік өркениеттің биік талаптарына сай жана қоғамның құрылуы әркімді қанаттандырады. Бәйтерек Астананың барлық тұрғындарының көз қуанышына айналды, өзінің жарқыраған сәулесімен Елорда үстіне нұрын төгіп тұр. Ол күн нұрымен шағысып, төңірегіне жарық сәуле шашқан алып шарды өмір мен мейірім символын әлемге паш етіп тұр. Астана бұл күнде еліміздің мақтанышына, даламыздың көркіне айналып отыр. Астана аялы алақанмен, ыстық мейіріммен тұрғызылды. Осы қаланы рухани сезіммен тұрғызуға Президентіміз бірлікке шақырып, жанымызға демеу болды.

Біздің келешегімізге қатысты маңызды шешімдер қабылдайтын мемлекетіміздің орталығы – Астана қазір күннен күнге жайнап келеді. Президентіміз Н.Ә.Назарбаев қазақтың, қазақстандықтардың тағдырына бүкіл әлем қызыға қарайтындай ететін күнге жетелеп, аянбай еңбек етіп келеді.

**Садық Ақбота,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
8 сынып оқушысы**

Жері қандай кең байтақ болса, жаны да сондай дархан елімнің көрген қиындығы аз емес және тәуелсіздік таңына басқан қадамы екі аттам жер емес екен... Жұмыр жердің тыныс-тіршілігін жіті бағып, оның тағдырын, асылы мен жасығын тарих таразысына салып, зерделеген - ұлы көне өмір көші. Осы көштің қатпар-қатпар тарих қойнауына көз жүгіртсек, шулы ғасырда жұмыр басты пенденің шақшадай басын шарадай етіп, шаршы топты шырғаланға тартқан шағы да, етегін жаспен жуған қасіреті де, шаттанып күлген қуанышы

[Введите текст]

тәуелсіздік жолындағы сүрлеулі жолдардың ақиқаты осы ұлы көштің құшағында. Тәуелсіздік жолындағы тарихты білу - ұрпақтың парызы. Иә, тәуелсіздік таңды таңға ұластырып, үміт пен арманға жетелеген талай өмір қыршындары мен боздағымыздың жете алмай армандап, аңсап күткен таңы. Ол - азаттық күрес айнасы. Тәуелсіздік – бұл тандарға жетелеген үкілі үміт. Қазақстанның тәуелсіздігі мен Президент қызметі, асқақ сәулеті мен келісті дәулетімен еліміздің жүрегіне айналған әсем Астана мен Нұрсұлтан Назарбаев бұлар бір-бірінен ажырамайтын берік ұғымдар.

Сарыарқа төрінде, Еуразия жүрегінде, ерке Есіл жағасында орналасқан Қазақстанның жаңаруының нышаны, мемлекетіміздің мәйегі, дербестігіміздің дәйегі болып табылатын, халқымыздың ғасырлар бойы арман тілегінің орындалуын айшықтаған шынайы болмысы – еңсесі биік Астана. Елбасымыз бен Елорда – екеуі егіз ұғым екеніне ешкімнің күмәні жоқ шығар.

Елорда - Елбасының стратегиялық жоспары. Өзінің сәулетімен әлем архитектурларын таңқалдырып отырған жаңа Астана Елбасымыздың бел баласы екені даусыз. «Астананы Қазақстандық мемлекеттіліктің Эталон қаласы ретінде әлемдегі ең үздік отыз елдің қатарына қосу жөніндегі өршіл мақсатымызды кеңінен паш еттік», - деді Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев Астана еліміздің айбынына, экономикалық әлеуметіміздің айбырына айналды, ұлтымыздың, тәуелсіздігіміздің жетістігінің көрсеткіші.

Азия және ТМД елдері арасында тұңғыш рет мәртебесі биік Еуропадағы қауіпсіздің және ынтымақтастықтың ұйымына төрағалық ету мүмкіндігіне ие болды. Қазақ баласы бұрын-соңды мұндай биіктікке көтерілген емес. Бұны елімізде экономикалық және саяси реформалардың дұрыс жүргізілуі деп түсінген жөн, жаңа Қазақстанның әлемде осылайша танылуы - Президентіміздің халықаралық беделінің көрнекілігі,- деп тануымыз керек. Біздің ортақ келешегіміз – қуатты мемлекет, орнықты және дамыған экономика, молшылық, саяси тұрақтылық пен келісім. Мұндай аса үлкен міндетті тек Қазақстан Президентті Нұрсұлтан Назарбаев шеше алады, - деп сенеміз.

Мемлекеттік тіл – ел бірлігінің кепілі екендігіне, бір тілде сөйлеу – бірліктің бастауы екеніне жаста болса көзіміз жетуде. Республикамыздағы жүзден аса ұлт өз тілдеріне қарай етектіп тартса не болатынын ойлаудың өзі ауыр. Қазақ тілінің тағдыр-талайы туралы айтылуда. Жетістіктер де баршылық. Елбасымыз «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін» , - деп айтты, өйткені тіл мердесі – ел мүддесі ғой. Биылғы, жаңа он жылға арналған жол жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуге тапсырма берді ғой. Соған орай білім және ғылым министрлігі бес бағытта, мәдениет министрлігі он бір

[Введите текст]

бағыт белгілеп, жұмыс жасап қуантады. Сөз жоқ, табысқа жетеміз. «Тәрбие басы – тіл» қағидасын ұстанып отырған ағалардан айналайын, дән ризамын. Өз басым елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа Қазақстандық ұрпақтардың үш тілде меңгергенін қалар едім» деген аталық сөзін шын ниетімен қуаттаймын, өзім осы бағытта ұстанып жүрмін және жастарды үш тілді игеруге, ұмытылуға шақырамын.

Тіл тұтастығы – ел тұтастығы. Қазақ тілі қазақтардың ғана тілі емес, ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі екендігіне жерлестеріміздің көз жеткізе білуіміз керек. Мемлекеттік тілді білу - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы екенін есте сақтаулары жөн.

Қазақстан халқын бір мақсатқа топтастыратын мемлекеттік тілдің өрісін кеңейтіп, өрісін биіктетуде елбасы міндеті үдесінен шығу - бәріміздің ортақ абыройымыз.

Қорыта келгенде, бабалардың, ел ағаларының салған жолы – ол бейбіт өмір даңғылы. Еңдеше, біздің өмірімізде де, мәңгі тыныш та, бейбіт өмір орнасын. Ол бүгінгі өмір белсендігі – ел бақыты. Ел бағына туған тұлағаның мемлекет мүддесі жолындағы ұлы ісіне алғыс білдірмекпін. Ерке Есіл жағысында бой көтерген, ерекше сәулеті бар, өзінің жаңа Астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көп ұлтты және көп дінді халқы бар әсем де, мейірлі Астанамыз, міне осындай. Елорда – елбасының еренғайып ерлігі.

**Шайхова Аягөз,
Нағи Илиясов атындағы № 9 мектеп-гимназиясының
8 сынып оқушысы**

Қазақ даласы қаншама аласапыран тарихи оқиғалардың куәсі болды. Аштықтың залалын, сталиндік қуғын-сүргінді, ұлы орыс империясының езгісін, тәуелсіздік жолындағы жалынды жастардың күресін бастан кешті. Олардың барлығында да халықты зарлатқан – аяусыз өлім, кінәсіз жаза. Ал туылған жерін жат қолға бермеу үшін, азаттық ел атану үшін қазақ халқы шексіз көп күш сермеді, рухын биік ұстады.

Бүгінде біз дербес мемлекетпіз. Тіптен, болашағымыздан нұр көрінеді деуге болатын шығар. Біз елбасының бастауымен керегемізді кеңге созып, үкілі ақ үмітті өшірмей, дағдарысқа да төтеп бердік. Еліміздің рухани құндылықтарын: тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін және тілі мен дінін сақтау жолында іс-шаралар жүргізіліп отырғанын көріп жүрміз. Елбасының халыққа үндеулерінде айтылған әрбір сөз шындыққа айналып жатыр. Экономикамыз өрлеп, әр тараптан – дырылып, жаңа мүмкіндіктеріміз көбейіп келе жатыр. Еліміздің келешек ұрпағының салауатты, зиялы болуы қамтылған. Білім беру статистикасы жоғарылап, мектептер электронды құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді. Ал дүние есігін ашқанға дейін де, кейін де балалардың қай-қайсына болмасын үлкен мән беріліп, елімізде «Ана

[Введите текст]

мен бала» мәселесі талқыға салынып, халық санын көбейту шаралары жүргізіліп жатыр.

Еліміздің ауыз біршілігінің берік болуы. Халықтың жағдайы жасалып отырғаны – Елбасының тынымсыз еңбегінің жемісі. Бүкіл Алаштың елордасы ару қаламыз Астананың күндеп, айлап өркендей түсуі-қуантарлық жайт. Бүкіл әлем тамсанған қаланың құрылысы президенттің ұсынысынан, сенімінен басталды. 10 жыл уақыт аралығында көгілдір аспанмен бой таласқан зәулім ғимараттардың саны күрт көбейді. Олардың қатарында «Бәйтерек» монументі, «Ханшатыр», «Бейбітшілік пирамидасы», секілді ғимараттар бар. Бұл ғимараттардың ертегі қалаға ғана емес, ұлан-ғайыр қазақ даласына да өзіндік келбет сыйлары анық.. Олардың бойын сіңіріп жатқан сырлары көп-ті. Мысалы, мәуелі бәйтерегіміздегі жер ананың жұмыр бейнесі көп нәрсені елестетеді.

Астанадағы көркем ғимараттар кез келген адам бойында таңғажайып пейілдер қалдырады. Біз үшін біздің астанамыз – тәуелсіздігіміздің зор жемісі, мәдениет пен дүниетаным, отандық тарихпен терең байланысқан болашақ келбеті, Алаштың бас қаласы. Қорыта келгенде,

«Гүл Астана жаңа дәуір шаһары,
Нұрлы таңы мөп-мөлдір боп атады.
Қадірлейміз, ардақтаймыз Нұр атаны

Бас иеміз, халықты жылатпады» – деген өлең жолдарымен мен «Елу жылда ел-жана, Жүз жылда-қазан» – деген мақалдың астарына үңілсем деймін. Мен бабаларым салған сара жолдың етегімен жүріп, зуылдап өтіп жатқан уақытқа ілесіп, бүкіл әлем шаңырағына айналған көп ұлтты Республикамыздың жарқын да кемел болашағына сене білетін Н.Ә.Назарбаевтың басқан ізімен жүріп отырамын және құдай қаласа, елімнің айтулы азаматына айналып халқыма, Отаныма бір септігімді тигізермін. Бейбіт өмір кешіп жүрген қазағымның әлемнің биік шыңына көтеріліп, бұтағын жайған бәйтерегі болатынына сенімдімін.